

Көбей, халқым!

Қазақстан халқының саны 20 миллионға жетті. Осындай қуанышты жаңалық аясында, халқымыздың санын 20 миллионға жуықтатқан сәбилерге сыйлықтар табыс етілуде.

Арқалық қаласының әкімі Әмірхан АСАНОВ та Арқалық өңірлік ауруханасы жанындағы перзентханада өмірге келген Ілияс есімді сәбидің анасын құттықтап, балаға ақ тілектерін айтып, сый - сипаттарын табыс етті. Ілияс Жандосұлы 13-қараша күні өмірге келген. Жандос - Ұлболсын Жұқатаевтардың үшінші баласы.

Еске сала кетсек, 14 - қарашада Қазақстан халқының саны 20 миллионға жеткен болатын. Бұл жайында Ұлттық статистика бюросының хабарламасында: «2023 жылғы 14 - қарашада таңғы сағат 8:10-да туған 5 бала еліміздің 20 миллионныншы тұрғыны атанды. Қазақстанның мерейлі азаматтары Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола және Түркістан облыстарында дүниеге келді. Олардың ішінде 3 ұл және 2 қыз бар», - делін-



ген.

Арқалық қаласы бойынша да бала туу көрсеткіші

жаман емес. Өткен жылдың осы кезеңінде 696 бала арқалықтықтардың санын то-

лықтырса, биылғы жылдың 10 айында қалалық перзентханада 687 сәби дүниеге есігін

ашқан. Көбей қазақ, өсе бер халқым!

«АХ»